

Сату жөніндегі айналымдары және импорты қосылған құн салығынан босатылатын протездік-ортопедиялық бұйымдар мен сурдотифлотехниканы қоса алғанда, кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде фармацевтикалық субстанцияларды (активті фармацевтикалық субстанцияларды), медициналық бұйымдарды, сондай-ақ оларды өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушылардың, кез келген нысандағы дәрілік заттарды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы, мүгедектігі бар адамдарға берілетін арнайы қозғалыс құралдарын қоса алғанда, медициналық бұйымдарды өндіруге арналған материалдардың, жабдықтар мен жинақтаушы заттардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 7 маусымдағы № ҚР ДСМ-92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 11 маусымда № 18829 болып тіркелді.

**Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 10.11.2022 № ҚР ДСМ-133 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексі 394-бабының 33) тармақшасына, 399-бабының 10), 10-1) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексі 394-бабының 33) тармақшасына, 399-бабының 10), 10-1) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 17.05.2022 № ҚР ДСМ-46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Сату жөніндегі айналымдары құн салығынан босатылатын протездік-ортопедиялық бұйымдар мен сурдотифлотехниканы қоса алғанда, кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде фармацевтикалық субстанцияларды (активті фармацевтикалық субстанцияларды), медициналық бұйымдарды, сондай-ақ оларды өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушы заттардың тізбесі бекітілсін;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Импорты қосылған құн салығынан босатылған дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік

тізілімінде тіркелмеген кез келген нысандағы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың, кез келген нысандағы дәрілік заттарды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы, мүгедектігі бар адамдарға берілетін арнайы қозғалыс құралдарын қоса алғанда, медициналық бұйымдарды өндіруге арналған материалдардың, жабдықтар мен жинақтаушы заттардың тізбесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 10.11.2022 № ҚР ДСМ-133 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Өткізу бойынша айналымдары және импорты қосылған құн салығынан босатылатын кез келген нысандағы дәрілік заттардың, оның ішінде ветеринария саласында пайдаланылатын (қолданылатын), медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, медициналық (ветеринарлық) техниканың, сурдотифлотехниканың, дәрілік субстанциялардың, кез келген нысандағы дәрілік заттарды өндіруге арналған материалдардың, жабдықтар мен жинақтаушы заттардың оның ішінде ветеринария саласында пайдаланылатын (қолданылатын), медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдар мен медициналық (ветеринарлық) техниканың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 20 наурыздағы № 124 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16840 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 4 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде оның көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

2019 жылғы 11 маусымдағы  
№ 18829 бұйрығына  
1-қосымша

**Сату жөніндегі айналымдары құн салығынан босатылатын протездік-ортопедиялық бұйымдар мен сурдотифлотехниканы қоса алғанда, кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде фармацевтикалық субстанцияларды (активті фармацевтикалық субстанцияларды), медициналық бұйымдарды, сондай-ақ оларды өндіруге арналған материалдар мен жинақтауыш заттардың тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 17.05.2022 № ҚР ДСМ-46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.11.2022 № ҚР ДСМ-133 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

Реттік нөмірі	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды	Тауардың атауы
02-топ. Ет және ет тамақ өнімдері		
1.	0206 10 100 0, 0206 22 000 1, 0206 29 100 0, 0206 30 000 1, 0206 30 000 3, 0206 41 000 1, 0206 49 000 1, 0206 80 100 0, 0206 90 100 0	ірі қара малдың, шошқаның, қойдың, ешкінің, жылқының, есектің, қашырдың немесе лошактың фармацевтика өнімдерін шығару кезінде пайдаланылатын жаңадан сойылған, салқындатылған немесе тоңазытылған тағамдық қосымша өнімдер
05-топ. Басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген жануарлардан алынған тамақ өнімдері		
2.	0507 90 000 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын маралдың мүйізі ғана
11-топ. Ұн тарту-жарма өнеркәсібінің өнімдері; мия; крахмалдар; инулин; бидай дән маңызы		
3.	1108	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын бидай, жүгері, картоп крахмалы, инулин
12-топ. Майлы дақылдар мен тұқымдар; өзге жемістер, тұқымдар және дән; дәрілік өсімдіктер және техникалық мақсаттағы өсімдіктер; сабан және жемшөп		
		фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын жас

4.	1211	күйіндегі немесе кептірілген, бүтін немесе ұсақталған, жармаланған немесе ұнтақталған өсімдіктер ғана, олардың жекелеген бөліктері (тұқымы мен жемісін қоса алғанда)
13-топ. Табиғи тазаланбаған малшайыр; шайырлар, камедтер және өзге де өсімдік шырындары мен сығындылары		
5.	1302	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын өсімдік шырындары мен сығындылары, агар-агар, пектиндер ғана
15-топ. Жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған майлар және олардан ажыратылып алынған өнімдер; дайын тағам майлары; жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған балауыздар		
6.	1504 20	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын балық майы, май және олардың фракциясы, балық бауырынан алынатын майдан басқа
7.	1505 00	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын шайыр
8.	1515	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын өсімдік майлары және олардың фракциялары ғана
9.	1520 00 000 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын глицерин
17-топ. Қант және қанттан жасалған кондитерлік өнімдер		
10.	1702	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын қатты күйіндегі химиялық таза лактоза, мальтоза, глюкоза және фруктозаны қоса алғанда, өзге де қанттар
11.	1704 90 550 0	аурулардың профилактикасы және емдеуге арналған тамақ ауруларына арналған пастилкалары және жөтелге арналған таблеткалар
18-топ. Какао және одан жасалған өнімдер		
12.	1804 00 000 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын какао-майы, какао-тоң майы
21-топ. Әр түрлі тамақ өнімдері		
13.	2106 90 980 3	аурулардың профилактикасы және емдеуге арналған тағамға теңгерімделген дәрумендер мен минералдық заттардың қоспалары
22-топ. Алкоголь және алкогольсіз сусындар және сірке		

14.	2207 10 000 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын, 80 айн. % немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті
25-топ. Тұз; күкірт; топырақ пен тас; сылақ материалдары, әк және цемент		
15.	2501	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын таза натрий хлориді, құрамында теңіз суы бар дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдар
16.	2520 10 000 0	стоматологияда және протездік-ортопедиялық бұйымдарды шығару кезінде пайдаланылатын керіш, ангидрит
17.	2526 20 000 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын жармаланған немесе ұнтақталған тальк
27-топ. Минералдық отын, мұнай және олардың айдау өнімдері; битуминоздық заттар; минералдық балауыздар		
18.	2712 10 900 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын өзге мұнай вазелині
19.	2712 20	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын құрамында кемінде 0,75 мас. % май бар парафин
28-топ. Бейорганикалық химия өнімдері; бағалы металдар, жерде сирек кездесетін металдар, радиоактивті элементтер немесе изотоптардың бейорганикалық және органикалық қосылыстары		
20.	28	бейорганикалық химия өнімдері; фармацевтикалық, медициналық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын қымбат бағалы металдардың, жерде сирек кездесетін металдардың, радиоактивті элементтердің немесе изотоптардың бейорганикалық немесе органикалық қосылыстары және тазартылған, кондуктометрлік су, медициналық мақсатта пайдаланылатын осыған ұқсас таза су
29-топ. Органикалық химиялық қосылыстар		
21.	29	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын табиғи немесе синтезделген органикалық

		химиялық қосылыстар; стерилизаторларда қолдануға арналған
30-топ. Фармацевтикалық өнім		
22.	30-топ	фармацевтикалық өнім
31-топ. Тыңайтқыштар		
23.	3102 10 100 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын сусыз құрғақ өнімге есептегенде 45 мас. % астам азоттан тұратын несепнәр
32-топ. Илік немесе бояғыш сығындылар; танниндер және олардың туындылары; бояғыш заттар, пигменттер және өзге де бояғыш заттар; бояулар және лактар; шпатлевкалар және өзге де мастиктер; полиграфиялық бояу, сия, тушь		
24.	3203 00	айқындалған немесе айқындалмаған химиялық құрамдағы өсімдік немесе жануар тектес бояғыш заттар (жануар көмірінен басқа бояғыш сірінділерді қоса алғанда); фармацевтикалық, медициналық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын осы топқа 3-ескертуде көрсетілген өсімдік немесе жануар тектес бояғыш заттар негізінде дайындалған препараттар
25.	3204	айқындалған немесе айқындалмаған химиялық құрамдағы синтетикалық органикалық бояғыш заттар; осы топқа 3-ескертуде көрсетілген синтетикалық органикалық бояғыш заттар негізінде дайындалған препараттар; фармацевтикалық, медициналық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын айқындалған немесе айқындалмаған химиялық құрамдағы оптикалық ақтағыштар немесе люминофорлар ретінде пайдаланылатын синтетикалық органикалық өнімдер
26.	3208	синтетикалық полимерлер немесе химиялық түрлендірілген табиғи полимерлер негізінде жасалған, диспергирленген немесе сусыз ортада ерітілген (эмальдар және политурларды қоса алғандағы) бояулар және лактар; фармацевтикалық, медициналық

		өнімдерді таңбалау және шығару кезінде пайдаланылатын ерітінділер
27.	3215	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын полиграфиялық бояу, жазуға немесе сурет салуға арналған сия немесе тушь және өзге де қоюландырылған, немесе қоюландырылмаған қатты немесе қатты емес, өзге де бояулар
33-топ. Эфир майлары және резиноидтер; парфюмерлік, косметикалық немесе дәретханаға арналған заттар		
28.	3301	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын эфир майлары
29.	3305 10 000 0	Қазақстан Республикасында дәрілік заттар ретінде тіркелген, медициналық мақсатта қолданылатын сусабындар
30.	3307	құрамында теңіз және еріген сулар қоспасы бар дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдар көру линзаларын немесе көз протездерін сақтауға арналған ерітінділер
34-топ. Сабын, беттік белсенді органикалық заттар, жуғыш заттар, майлағыш заттар, жасанды және дайын балауыз, тазартатын және жылтырататын құрамдар, шамдар және ұқсас өнімдер, жабыстыру үшін пасталар, пластилин, "тіс балауызы" және тіске арналған гипс негізіндегі құрамдар		
31.	3405	көзілдірік линзаларын шығару кезінде пайдаланылатын 3404 тауар позициясының балауыздан басқа тазалау пасталары және ұнтақтары және ұқсас құралдар (соның ішінде қағаз, мақта, киіз немесе биязы киіз, мата емес материалдар, сол құралдар сіндірілген борпақ пластмасса немесе борпақ резина)
32.	3407 00 000	тек қана "тіс дәрісінің балауызы" немесе тіс қалыбын алуға арналған құрамдар, тіс дәрігерлік мақсатқа арналған керіш (кальцилеген керіш немесе кальций сульфаты) негізінде дайындалған өзге де құрамдар
35-топ. Ақуыз заттары; модификацияланған крахмалдар; желімдер; ферменттер		
		альбуминдер (соның ішінде құрғақ затқа есептегенде іркіт ақуызының салмағы 80% артық екі немесе одан да көп іркіт

33.	3502	ақуызының тұнбасын қоса алғанда ), альбуминаттар және фармацевтикалық өнімді өндіру кезінде пайдаланатын басқа да альбумин туындылары
34.	3503 00	медициналық мақсатта және фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын желатин және оның туындылары; желатин қатты капсулалар
35.	3505 10	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланатын декстриндер , өзге түрлендірілген крахмалдар
36.	3506	медициналық өнімді шығару кезінде пайдаланатын желім каучук негізінде жасалған балқытылған желім және өзге де дайын адгезивтер
37.	3507	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын басқа жерде аталмаған ферменттер, ферменттік препараттар
37-топ. Фото- және киноауарлар		
38.	3701	медициналық, стоматологиялық мақсаттарға пайдаланылатын қағаздан, қатырма қағаздан немесе тоқыма материалдарынан басқа, кез келген материалдан жасалған жайпақ рентгендік фотопластинкалар мен фото үлдірлер
39.	3702 10 000 0	медициналық, стоматологиялық мақсаттарға пайдаланылатын қағаздан, қатырма қағаздан немесе тоқыма материалдарынан басқа, кез келген материалдан жасалған орамдағы рентгендік фотоүлдірлер
40.	3707	фотохимикаттар (лактар, желімдер , адгезивтер және ұқсас құралдардан басқа); фотографиялық мақсаттарда пайдаланылатын араластырылмаған өнімдер, өлшенген дозада немесе медициналық, стоматологиялық мақсаттарда пайдалануға дайын күйдегі бөлшектік саудаға арнап қапталып ұсынылғандар
38-топ. Басқа да химиялық өнімдер		



41.	3802 10 000 0	медициналық мақсатта пайдаланылатын активтендірілген көмір
42.	3807 00 100 0	фармацевтикалық, медициналық өнімді шығару кезінде пайдаланатын ағаштың кара майы
43.	3821 00 000 0	медициналық мақсаттарда пайдаланатын микроорганизмдер (вирустар және соған ұқсастарды қоса) немесе өсімдік, адам немесе жануарлар жасушаларын өсіруге немесе қолдауға арналған дайын дақылды орталар
44.	3822 11 000 0, 3822 12 000 1, 3822 12 000 9, 3822 13 000 0, 3822 19 000 1, 3822 19 000 9, 3822 90 000 0	төсемдегі диагностикалық немесе зертханалық реагенттер, төсемдегі немесе онсыз дайын диагностикалық немесе зертханалық реагенттер, медициналық мақсаттарда пайдаланылатын сертификатталған эталондық материалдар
45.	3824 99 610 0, 3824 99 620 0, 3824 99 640 0	фармакологияда немесе хирургияда қолданылатын өнімдер және құрамдар
39-топ. Пластмассалар және олардың өнімдері		
46.	39	медициналық, стоматологиялық мақсатта, сондай-ақ дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды шығару үшін пайдаланатын пластмассалар және олардан жасалған бұйымдар
40-топ. Каучук, резеңке және олардың өнімдері		
47.	4001 10 000 0	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын табиғи, вулканизацияланған немесе вулканизацияланбаған каучук латексі
48.	4001 22 000 0	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын табиғи, техникалық мамандандырылған (TSNR) каучук
49.	4005 10 000 0	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын техникалық көміртегімен немесе кремний диоксидімен, эластомермен толтырылған резеңке қоспасы

50.	4006 90 000 0	басқа нысандар (мысалы, темірлер , құбырлар және бейінді түрлер) және үрленбеген резина бұйымдар (мысалы, дискілер мен сақиналар) - фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын басқа да заттар
51.	4008	протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау кезінде пайдаланатын қатты резеңкеден басқа, пластиналар, қаңылтырлар, жолақтар немесе таспалар, шыбықшалар және вулкандалған резеңкеден жасалған қалыптық профильдер
52.	4010	фармацевтикалық, медициналық өнеркәсіпте пайдаланатын вулкандалған резеңкеден жасалған конвейерлі таспалар немесе жетекті ремендер немесе бельтинг
53.	4014	қатты резеңкеден басқа вулканизацияланған резеңкеден немесе оларсыз жасалған гигиеналық немесе фармацевтикалық бұйымдар; фармацевтикалық және медициналық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған тығындар; медициналық мақсатта пайдаланылатын резеңке жылытқыштар, бүріккіштер, оттекті жастықтар, көз пипеткалары, мұрынға арналған аспираторлар, сүтсорғыштар, балаларға арналған тіс дөңгелектері, Эсмарх ыдысы, қан тоқтатқыш жгут, Мартенс бинті және т.б., емізіктердің бірнеше түрлері және балаларға арналған ұқсас бұйымдар; вулканизацияланған резеңкеден жасалған контрацептивтер;
54.	4015 12 000 1, 4015 12 000 9, 4015 19 000 0, 4015 90 000 0	киім және оның керек-жарақтары, медициналық қолғаптар, медициналық мақсаттарға арналған вулканизацияланған резеңкеден жасалған медициналық, хирургиялық және қарап-тексеруге арналған, стерильді және стерильденбеген

		қолғаптар, неопреннен жасалған белдіктер мен таңғыштар
55.	4016	Фармацевтикалық және медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланатын вулкандалған резеңкеден жасалған бұйымдар
41-топ. Өңделмеген терілер (табиғи жүннен басқа) және иленген тері		
56.	4104	протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасау кезінде пайдаланылатын ірі қара малдың немесе жылқы тұқымдас малдың немесе оның терісінен жасалған тықыр былғары
48-топ. Қағаз және картон; қағаз массасы, қағаз немесе картон өнімдері		
57.	4803 00	медициналық өнімді шығару кезінде пайдаланатын қаптамадағы целлюлоза талшығынан жасалған кенеп
58.	4804	4802 немесе 4803 тауар позициясының тауарларынан басқа-да, фармацевтикалық, медициналық мақсаттарда қолданылатын ағартылмаған крафт-қағаз және крафт-картон қаптамада немесе парақталған
59.	4811	4803, 1809 немесе 4810 тауар позициясының тауарларынан басқа медициналық, фармацевтикалық мақсатта, сондай-ақ фармацевтикалық, медициналық өнімді шығару үшін пайдаланатын беті боялған немесе әшекейленген немесе орамада не кез келген тікбұрышты (соның ішінде квадратты) парақтарда басылған қағаз, қатырма қағаз, целлюлозды мақта және қапталған, сіндірілген, ламинирленген целлюлозды талшықтан жасалатын кенеп
60.	4818 90 100 0	бөлшек саудада сату үшін оралмаған хирургиялық және медициналық мақсатта қолданылатын бұйымдар
61.	4819 10 000 0	фармацевтикалық, медициналық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын гофр қағаздан немесе қатырма қағаздан жасалған жәшіктер мен қораптар

62.	4821	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын жазба белгілері мен затбелгілер
63.	4823 90	фармацевтикалық және медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын орамдағы қағаз
52-топ. Мақта		
64.	5208 11 100 0 5208 21 100 0	бинттер, таңу материалдары мен медициналық дәке дайындауға арналған бетінің тығыздығы кемінде 200 г/м <sup>2</sup> аспайтын құрамында 85 % мас. немесе одан көп мақта талшықтарынан тұратын мақта маталар
56-топ. Мақта, киіз немесе фетр және беймата материалдар, арнайы иірілген жіп; жіңішке арқандар, жіптер, арқандар және арқансымдар және олардың өнімдері		
65.	5603	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын химиялық жіптерден жасалған матадан жасалмаған материал
66.	5604	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын, матамен қапталған резеңке жіп және бау; 5404 немесе 5405 тауар позициясымен бірдей, сіндірілген, қапталған немесе резеңке немесе пластмасса қабы бар жалпақ мата жіптер
61-топ. Трикотажды немесе қолдан тоқылған киім бұйымдары және киім керек-жарақтары		
67.	6108 21 000 0	медициналық қолдануға арналған трусилер
68.	6115 10 100 9, 6115 10 100 1, 6115 10 100 2	көктамырдың кеңеюінен зардап шегетіндерге арналған синтетикалық жіптен тоқылған шұлықтар, колготкалар, гольфтер
62-топ. Трикотажды немесе қолдан тоқылған киім бұйымдары және киім керек-жарақтарынан басқа		
69.	6204	фармацевтикалық және медициналық мақсатта пайдаланылатын киімдер
70.	6210	медициналық және фармацевтикалық қызметте пайдаланылатын, 5602, 5603, 5903, 5906 немесе 5907 тауар позициясындағы материалдардан жасалған киімдер

71.	6211	фармацевтикалық және медициналық мақсатта пайдаланылатын өзге киімдер
72.	6212	медициналық мақсаттарға арналған төстартқыштар, белдіктер, корсеттер, таңғыштар және ұқсас бұйымдар, және олардың машинамен немесе қолмен тоқылған тоқыма немесе тоқыма емес бөліктері
73.	6217	дайын киімдерге тиістілер өзгелер ; киім бөліктері немесе 6212 тауар позициясына кіретіндерден басқа фармацевтикалық және медициналық қызметке пайдаланылатын киімге керек-жарақтар;
63-топ. Басқа да дайын текстиль бұйымдары; жиынтықтар; бұрын қолданылған киім және текстиль бұйымдары; ескі маталар		
74.	6302	фармацевтикалық және медициналық қызметте пайдаланылатын төсекке, асханаға , дәретханаға және ас үйге арналған жайма
75.	6307	киімнің пішілген үлгісін қоса алғанда өзге де дайын бұйымдар, фармацевтикалық, медициналық өнім шығару кезінде, сондай-ақ медицинада пайдаланылатын қан тоқтататын жгут, медициналық маскалар, бахилалар, белдіктер, корсеттер, медициналық мақсаттағы арқа түзеткіштері, омыртқаның мойын бөлігіне арналған медициналық бекіткіштер, хирургияда аяқ-қолды бір қалыпты ұстауға арналған медициналық таңғыштар сияқты тоқыма материалдарынан жасалған бұйымдар
65-топ. Бас киімдер және олардың бөліктері		
76.	6504 00 000 0	фармацевтикалық және медициналық қызметте пайдаланылатын шляпалар және тоқылған немесе астары бар немесе астары жоқ, бөлігі бар немесе бөлігі жоқ кез-келген матаның жолақтарынан біріктірілген басқа да бас киімдер
		фармацевтикалық және медициналық қызметте пайдаланылатын шляпалар және

77.	6505 00	машинамен тоқылған немесе қолдан тоқылған немесе шілтердің , фетрдың немесе астары бар немесе астары жоқ, бөлігі бар немесе бөлігі жоқ басқа да тоқыма материалдарының бүтін бөлігінен (тек жолақтан емес) әзірленген бас киім; астары бар немесе астары жоқ, бөлігі бар немесе бөлігі жоқ кез-келген матадан дайындалған шашка арналған тор
66-топ. Қолшатырлар, күннен қорғайтын қолшатырлар, тіреуіштер, тіреуіш-орындықтар, сыпталған ағаштар, қамшылар және олардың бөліктері		
78.	6602 00 000 0	Мүгедектігі бар адамдар мен зақымданған адамдарға арналған арнайы таяқтар
68-топ. Тас, гипс, цемент, асбест, слюдалар немесе ұқсас материалдардан жасалатын бұйымдар		
79.	6804	көзілдірік линзаларын шығару кезінде пайдаланатын, қайрағыш тастар, тегістегіш дөңгелектер және тегістеуге, қайрауға жылтыратуға, келтіруге немесе кесуге арналған тірек конструкциясы жоқ ұқсас бұйымдар, қолмен қайрауға немесе жылтыратуға арналған тастар және олардың агломерацияланған табиғи немесе жасанды абразивтерден жасалған немесе жиынтығында басқа да материалдардың бөлшектері бар немесе осы бөлшектер жоқ керамикадан жасалған тастар
80.	6805	көзілдірік линзаларын шығару кезінде пайдаланатын табиғи немесе жасанды түйіршікті ұнтақ немесе қағаз, мата, қатырма қағаз немесе өзге негізінде жасалған дән
69-топ. Керамикалық бұйымдар		
81.	6909	медицинада пайдаланылатын зертханалық, химиялық мақсаттарға арналған қыш бұйымдар
70-топ. Шыны және оның бұйымдары		
82.	7001 00 910 0	фармацевтикалық және медициналық өнімдерді жасау және шығару кезінде қолданылатын оптикалық шыны
83.	7005 10 800 0	рентген сәулелерінен қорғауға арналған рентген әйнегі

84.	7010 10 000 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын шыныдан жасалған ампулалар
85.	7010 20 000 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын тығындар, қақпақтар және басқа ұқсас бұйымдар
86.	7010 90 710 0, 7010 90 790 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын бөтелкелер, сауыттар, банкалар, ампулалар және басқа шыны ыдыстар
87.	7015	көруді түзететін немесе түзетпейтін көзілдіріктерге арналған майысқан, тереңдетіп иілген шынылар немесе осыған ұқсас өңделмеген оптикалық шынылар; фармацевтикалық және медициналық өнімдерді дайындау және шығару кезінде қолданылатын тұтас шынылық сфералар және олардың көрсетілген шыныларды дайындауға арналған сегменттері
88.	7017	зертханалық немесе фармацевтикалық мақсаттарға арналған шыны ыдыстар
73-топ. Қара металдардан жасалған бұйымдар		
89.	7311 00	медициналық бұйымдарда, сондай-ақ фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығаруда пайдаланылатын қара металдан жасалған сығылған немесе сұйытылған газға арналған ыдыс және емдік газбен қамту жүйесінің жабдығы
90.	7319 90 900 0	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығаруда пайдаланылатын басқа да инелер
91.	7326 90 980 7	медициналық мақсатта пайдаланылатын зарарсыздандыру қораптары және ұқсас бұйымдар
74-топ. Мыс және одан жасалған бұйымдар		
92.	74	медициналық мақсатта және (немесе) фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын, медицинада емдік газдармен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын тазартылған

		мыстан жасалған құбырлар, түтіктер және құбырларға арналған фитингтер
76-топ. Алюминий және одан жасалған бұйымдар		
93.	7604	медициналық бұйымдарды және емдік газбен қамту жүйесі жабдықтарын шығару кезінде пайдаланылатын шыбықтары мен алюминий профильдер
94.	7607	дәрілік заттарды шығару кезінде блистерге қаптамалау үшін қалыңдығы (негізін қоспағанда) 0,2 мм артық емес алюминий фольга (негізсіз немесе қағаз, қатырма қағаз, пластмасса немесе өзге де ұқсас материал негізінде)
95.	7612 10 000 0	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын алюминийден жасалған деформацияға ұшырайтын түтіккі ыдыстар (тубалар)
96.	7612 90 200 0	фармацевтикалық өнімді шығару үшін пайдаланылатын аэрозольді орамдардағы алюминийден жасалған басқа ыдыстар
97.	7613 00 000 0	фармацевтикалық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын, сығылған газдарға арналған алюминий ыдыстар
78-топ. Қорғасын және одан жасалған бұйымдар		
98.	7804	ионды сәуледен қорғау үшін медицинада пайдаланылатын қорғасын парақтар, кесінділер немесе таспалар мен фольгалар
80-топ. Қалайы және одан жасалған бұйымдар		
99.	8001 20 000 0	линзаларды окшаулауға арналған оңай балқитын металл (Вуд қоспасы);
82-топ. Бағалы емес металдардан жасалған аспаптар, тетіктер, пышақ бұйымдары, қасықтар және шанышқылар; олардың бағалы емес металдардан жасалған бөлшектері		
100.	8207	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын металды сымдауға немесе бөлуге арналған фильерлерді қоса алғанда қол құралдарына арналған механикалық жетегімен немесе онсыз немесе станоктарға арналған (мысалы нығыздау, қалыптау, кесу, шабу, бұранданы



		кесу, бұрғылау, қайрау, тарту, жоңғылау, токарлық өңдеу немесе бұрау) ауысымдық жұмыс құралдары
83-топ. Бағалы емес металдардан жасалған басқа да бұйымдар		
101.	8309 90	фармацевтикалық өнімді өндіру кезінде пайдаланылатын жасалған тығындағыш қақпақтар
84-топ. Ядролық реакторлар, қазандар, жабдықтар және механикалық құрылғылар; олардың бөліктері		
102.	8405 10 000 9	медициналық мақсатта және (немесе) фармацевтика және медицина өнеркәсібінде пайдаланылатын тазарту құрылғыларымен немесе оларсыз газ генераторлары немесе сулы газ генераторлары; тазарту құрылғыларымен немесе оларсыз ацетилендік газ генераторлары және осыған ұқсас газ генераторлары (медицинаға арналған оттегі генераторлары)
103.	8413	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын шығыс өлшеуіштер бар немесе жоқ сұйықтық сорғылары
104.	8414	медициналық мақсатта және (немесе) фармацевтикалық, медициналық өнеркәсіпте пайдаланылатын ауа немесе вакуумды сорғыштар, ауа немесе газ компрессорлары мен желдеткіштер; желдеткіші бар, сүзгіштері бар немесе сүзгішсіз желдеткіші немесе рецикуляциялық сору қалпақтары немесе желдеткіші бар шкафтар
105.	8415 81 001 0, 8415 90 000 9	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде арнайы өндіріс үй-жайларында микроклиматты сақтауға арналған температураның және ылғалдың автоматтық реттегіші бар өндірістік кондиционерлер; олардың бөліктері
106.	8418	тұрмыстықты қоспағанда фармацевтикалық өнімді шығару кезінде медициналық мақсатта, пайдаланатын тоңазытқыш және мұздатқыш жабдықтар; оның бөліктері

107.	8419	<p>жылыту, қайнату, қуыру, дистилдеу, ректификациялау, зарарсыздандыру, пастерлеу, булау, кептіру, буын кетіру, желдету немесе салқындату сияқты температураны өзгерту үдерісінде материалдарды өңдеу үшін электрмен немесе электрсіз қыздыратын (пешті, камераны және 8514 тауар позициясының басқа да жабдықтарын қоспағанда) өнеркәсіптік немесе зертханалық машиналар, жабдықтар; фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланатын инерциясы жоқ су жылытқыштар немесе жылу су аккумуляторлары электрсіз, өзге де; медицина өнеркәсібіне арналған жабдықтардың бөлшектері</p>
108.	8421	<p>медициналық мақсатта және (немесе) фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын центрифугалар, соның ішінде орталықтандырылған кептіргіштер; сұйықтықтар мен газдарды сүзуге және тазартуға арналған құрылғылар мен қондырғылар, олардың бөлшектері</p>
109.	8422	<p>Фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын шөлмектер және өзге де ыдыстарды жууға және кептіруге арналған қондырғылар; шөлмектер, банкаларды тығындауға, толтыруға, қораптарды, қаптарды және өзге де ыдыстарды жабуға, бекітуге немесе оларды белгілеуге арналған құралдар; шөлмектер, банкалар, тубалар және ұқсас ыдыстарды қақпақтар немесе тығындармен герметикалық тығындауға арналған құралдар; қаптамалауға немесе орауға (соның ішінде қаптама материалының термоорнығуы бар тауарды қаптаушы құрал) арналған құралдар және басқалары; сусындарды газдауға арналған құралдар</p>

110.	8423	конвейерлердегі бұйымдарды үздіксіз өлшеуге арналған таразылар (конвейерде, чеквейерде қаптама салмағын бақылауға арналған машиналар); фармацевтика өнімін шығару кезінде пайдаланылатын өлшеу салмағының ең жоғары салмағы 30 кг-ден аспайтын алдын ала оралған тауарларды өлшеуге және таңбалауға арналған жабдықтар
111.	8428 20 800 9	фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын пневматикалық көтермелер және конвейерлер
112.	8438	фармацевтикалық өнімді шығаруға арналған құюға және таблетка жасауға арналған машиналар, қабығын жасауға арналған машиналар
113.	8442	пластиналарды, цилиндрлерді немесе басқа да баспа түрлерін дайындауға немесе әзірлеуге арналған (8456-8465 тауар позициясындағы станоктардан басқа) машиналар, аппаратуралар, жабдықтар; пластиналар, цилиндрлер немесе басқа да баспа түрлері; фармацевтикалық және медициналық өнімдерді, олардың бөлігін шығару кезінде денсаулық сақтау ұйымдарының таза үй-жайларында пайдаланылатын пластиналар, цилиндрлер және баспа мақсаты үшін дайындалған литографиялық тастар (мысалы үшкірленген, тегістелген немесе жылтыратылған); олардың бөліктері
114.	8443	пластиналар, цилиндрлер және 8442 тауар позициясының басқа да баспа түрлері арқылы баспа үшін пайдаланатын баспа машиналары; басқа да біріктірілген немесе біріктірілмеген принтерлер, көшірме аппараттары және факсимил аппараттары; олардың бөлігі және фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде денсаулық сақтау ұйымдарының таза

		үй-жайларында пайдаланылатын олардың бөліктері және құралдары; олардың бөліктері
115.	8444	фармацевтикалық және медициналық өнімдерді шығару кезінде денсаулық сақтау ұйымдарының таза үй-жайларында пайдаланылатын химиялық тоқыма маталарын тартуға, созуға, тоқуға немесе кесуге арналған машиналар; олардың бөлшектері
116.	8459	фармацевтикалық және медициналық өнімдерді, олардың бөліктерін шығару кезінде 8458 тауар позициясындағы (көп салалы токарь станогын қоса отырып) токарь станогынан басқа металды жою арқылы сыртқы немесе ішкі ойманы бұрғылауға, тегістеуге, фрезерлеуге кесуге арналған металл кесуші (жүйелік құрудың агрегаттық станоктарды қоса алғанда) станоктар
117.	8462	материалдарды көлемді мөртабандармен, соғумен және мөрлеумен өңдеуге арналған (қысымдарды қоса алғанда) станоктар; иілмелі, (қысымдарды қоса алғанда) шеті иілмелі, дұрыс, кесілген, ұрылған немесе бөлінген металдарды өңдеуге арналған станоктар; фармацевтикалық және медициналық өнімдерін шығару кезінде денсаулық сақтау ұйымдарының таза үй-жайларында пайдаланылатын жоғарыда аталмаған металдарды немесе металдардың карбидтерін өңдеуге арналған қысымдар
118.	8464	медициналық бұйымдарды шығару кезінде пайдаланылатын оптикалық әйнектерді өңдеуге арналған станоктар
119.	8466	ерекше немесе құралдар мен бөлшектерді өзі ашылатын бұранда кескіш ұштарды, ұзын ұштарды және станокқа басқа да арнайы құралдарға арналған құралдарды қоса алғанда негізінен 8459, 8462, 8464 тауар позицияларының жабдықтары үшін бағытталған бөліктері мен

		бөлшектері; медициналық бұйымдарды шығару кезінде оптикалық шыны өңдеу үшін пайдаланатын қол құралдарының барлық түрлеріне арналған жұмыс құралдарын бекітуге арналған құралдар
120.	8467 11 900 0, 8467 21 910 0, 8467 29 510 0	протездік-ортопедиялық бұйымдарды шығару кезінде пайдаланылатын электрлі қозғалтқышы бар қолмен басқарылатын құрал-саймандар, басқалары
121.	8467 89 000 0	көзілдірік линзаларын дайындау кезінде пайдаланылатын фрезерлеуге арналған қолмен басқарылатын электрлі құрал-саймандар
122.	8471 49 000 0	фармацевтикалық және медициналық өнімді шығару кезінде пайдаланатын жүйе түрінде әкелінетін өзге есептеуіш машиналар
123.	8474 20 000 8474 39 000 1, 8474 80 101 0, 8474 80 901 0, 8474 90	ұнтақ тәрізді күйдегі минералды өнімдерді ұсатуға, ұнтақтауға, араластыруға арналған жабдық (грануляторлар); фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланатын агломерациялауға, пішіндеуге немесе құюға арналған жабдықтар және олардың бөлшектері
124.	8477	резеңкені немесе пластмассаны шығаруға арналған немесе фармацевтикалық, медициналық өнімдерді шығару кезінде пайдаланатын аталған топқа аталмаған осы материалдардан өнімді шығаруға арналған жабдықтар
125.	8479 89 970 7	медициналық бұйымды өндіру кезінде пайдаланылатын машиналар мен механикалық құрылғылар
126.	8480 71 000 0	медициналық бұйымдарды шығару кезінде пайдаланылатын резеңкені немесе пластмассаны құюға арналған қалып
		крандар, клапандар, винтельдер және емдік құбыржолдарына, қазандықтарға, резервуарларға медициналық жабдықта,

127.	8481	медициналық бұйымдарда және емдік газбен қамтамасыз ету жүйелерінде пайдаланатын редукциялық және термореттеуші клапандарды қоса алғанда ұқсас ыдыстарға арналған ұқсас арматура
85-топ. Электрлік машиналар және құрылғылар, олардың бөліктері; дыбыс жазатын және дыбысты жаңғыртатын аппаратура, теледидарлық бейне мен дыбысты жазатын және жаңғырту үшін аппаратура, олардың бөліктері және құрылғылары		
128.	8509	кіріктірмелі электр қозғалтқышы бар портативті тұрмыстық электр сүт сорғыштар
129.	8514	медициналық мақсатта пайдаланатын зертханалық электр пештері және камералар
130.	8516	медицинада пайдалануға арналған электрлі инерциясы жоқ немесе аккумуляциялайтын электрлі су жылытқыштар, батырылатын электрлі жылытқыштар
131.	8517 62 000 9	медициналық мақсатта пайдаланатын өткізгіш байланыс жүйесіне арналған немесе цифрлық өткізу жүйесіне арналған аппаратура
132.	8525 81 300 0, 8525 82 300 0, 8525 83 300 0, 8525 89 300 0	медициналық мақсатта пайдаланылатын жарығы төмен бейнелерді цифрлық тіркеуге арналған құрылғылар
133.	8528 59 900 9	медициналық мақсатта пайдаланылатын мониторлар
134.	8537	пульттер, панелдер, консолдар, үстелдер, бөлгіш қалқандар және электрлік аппаратураларға арналған негіздер, электрлік токты басқаруға немесе бөлуге арналған 8535 немесе 8536 тауар позицияларының екі немесе одан да көп құрылғыларымен жабдықталғандар, оның ішінде өздерін қосатын құралдар немесе 90 топтың құрылғылары және басқарудың цифрлық аппаратары, медициналық мақсаттар үшін пайдаланылатын 8517 тауарлық позицияның коммутациялық құралдардан басқасы; олардың бөліктері
		ерекше немесе медициналық мақсатта пайдаланылатындарға

135.	8538	бағыталғандардың бөлігінде көбіне 8535, 8536 немесе 8537 тауар позицияларының аппаратуралары үшін; олардың бөліктері
136.	8539 49 000 0 8539 51 101 1, 8539 51 102 1, 8539 51 109 1, 8539 51 201 1, 8539 51 202 1, 8539 51 209 1, 8539 51 401 1, 8539 51 402 1, 8539 51 409 1, 8539 90 800 1	медицинада қолданылатын ультракүлгін және инфрақызыл сәулелену шамдары
87-топ. Теміржол немесе трамвайлық қозғалмалы құрамнан басқа, жер үсті көлік құралдары, және олардың бөліктері және құрылғылары		
137.	8705 90 800 5	медициналық мақсаттар үшін пайдаланылатын жаңа моторлық көлікті заттар (жылжымалы медициналық кешендер)
138.	8707 90 900 9	жылжымалы медициналық кешендерге арналған кузов-фургондар
139.	8713	қозғалтқышпен немесе қозғалуға арналған басқа да механикалық құрылғылармен жабдықталмаған қозғала алмайтын адамдарға арналған арбалар
140.	8714 20 000 0	қозғала алмайтын адамдарға арналған арбалардың бөлшектері мен жабдықтары
90-топ. Оптикалық, фотографиялық, кинематографиялық, өлшегіш, бақылаушы, прецизиялық, медициналық немесе хирургиялық құрылғылар және аппараттар; және олардың бөліктері мен құрылғылары		
141.	9001 30 000 0	медициналық мақсатта қолданылатын контактiлi линзалар
142.	9001 40 410 0, 9001 40 490 0	екі жағынан өңделген, бір фокальды, мультифокальды (көпфокальды) трансфокальды көзді түзететін шыныдан жасалған көзілдіктерге арналған линзалар
143.	9001 50 410 0, 9001 50 490 0	екі жағынан өңделген, бір фокальды, мультифокальды (көпфокальды) трансфокальды көзді түзететін өзге де материалдан жасалған көзілдіктерге арналған линзалар
144.	9002	медициналық мақсаттарда, медициналық бұйымдарда қолданылатын линзалар, призмалар, айналар және кез келген материалдан жасалған өзге де оптикалық бұйымдар

145.	9003	көзілдіріктерге, қорғаныш көзілдіріктерге (күннен қорғайтындарынан басқа) немесе осындай оптикалық аспаптарға арналған оправалар мен арматура және олардың бөліктері
146.	9004	көзілдіріктерге, қорғаныш көзілдіріктерге (күннен қорғайтындарынан басқа) және көзді түзейтін осындай оптикалық аспаптар
147.	9006 30 000 0	ішкі мүшелерді медициналық, немесе хирургиялық тексеруге арналған арнайы фотокамералар
148.	9006 91	медициналық мақсаттарда, қолданылатын бейнелерді, олардың бөліктері мен құралдарын тіркеу құрылғылары
149.	9010	фотозертханаларға арналған өзге аппаратура және жабдық, медициналық мақсаттарда пайдаланылатын басқа да негатоскоптар, айқындалған машиналар
150.	9011	медициналық мақсаттарда пайдаланылатын оптикалық күрделі микроскоптар
151.	9016 00	медициналық мақсаттарда пайдаланылатын әртүрлі таразылары бар немесе жоқ, сезімталдығы 0,05 г немесе одан жоғары таразылар, олардың бөлшектері мен жабдықтары
152.	9018	сцинтиграфиялық аппаратураны қоса алғанда, медицинада, хирургияда, стоматологияда қолданылатын аспаптар мен құрылғылар, басқа да электромедициналық аппаратура және көздің көруін зерттеуге арналған аспаптар (солярийден басқа), оның ішінде медициналық бұйымдардың құрамына кіретін қосымша бөліктер мен жинақтаушылар
153.	9019	механотерапияға арналған құрылғылар; уқалау аппараттары; қабілетін анықтау үшін психологиялық тестілерге арналған аппаратура; озон, оттегі және аэрозоль терапиясына қолдан тыныс алдыруға арналған



		аппараттар немесе басқа да терапиялық тыныс алу аппаратурасы
154.	9020 00 000 0	медициналық мақсаттар үшін басқа да тыныс алу жабдықтары және механикалық тетіктерсіз және ауыстыратын сүзгілерсіз қорғаныш маскаларынан басқа, газ маскалары
155.	9021	балдақтарды, хирургиялық белдіктерді және бандаждарды қоса алғанда, ортопедиялық аспаптар; сынықтарды емдеуге арналған, біздер мен басқа да аспаптар; қолдан жасалған дене бөліктері; органның ақауын немесе оның жұмыс істемеуін толықтыру үшін өзіне тағатын, алып жүретін немесе денеге импланттайтын есту аппараттары және басқа да аспаптар
156.	9022	медициналық, хирургиялық, стоматологиялық пайдалануға арналған рентгендік, альфа-, бета-немесе гамма-сәулеленуге пайдалануға негізделген аппаратура, рентгенографиялық немесе радиотерапиялық, рентгендік түтіктерді қоса алғанда және басқа да рентгендік сәулелену генераторлары, жоғары кернеудегі генераторлар, басқару қалқандар мен пульттері, экрандар , үстелдер, креслолар және тексеруге немесе емдеуге арналған соған ұқсас бұйымдар, оның ішінде көрсетілген аппаратура мен бұйымдардың құрамына кіретін қосымша бөліктері мен жинақтаушылар
157.	9024 80 190 0	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланатын қаттылығын , мықтылығын сынауға арналған машиналар мен құрылғылар немесе материалдардың басқа да механикалық қасиеттері ( таблеткалардың қаттылығы мен мықтылығын өлшеуге арналған аспаптар)
158.	9025	медициналық мақсаттар үшін және фармацевтикалық өнімді шығару кезінде қолданылатын ареометрлер, термометрлер,

		барометрлер, гигрометрлер, жазатын құрылғылары бар немесе онсыз психрометрлер
159.	9026	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланатын сұйықтықтардың немесе газдардың шығынын, деңгейін қысымын немесе басқа да ауыспалы сипаттамасын өлшеуге немесе бақылауға арналған аспаптар мен аппаратура және емдік газбен қамтамасыз ету жүйесінің жабдығы
160.	9027	химиялық талдауға арналған аспаптар мен аппаратура (мысалы, поляриметрлер, рефрактометрлер, спектрометрлер, газ-немесе түтін талдағыштар); тұтқырлығын, кеуектігін, кеңеюін, үстірт керілуін немесе соған ұқсастарды өлшеуге немесе бақылауға арналған аспаптар мен аппаратура ; жылудың, дыбыстың немесе жарықтың мөлшерін өлшеуге немесе бақылауға арналған аспаптар мен аппараттар (экспонометрлерді қоса алғанда); медициналық мақсаттар үшін қолданылатын микротомдар, оларға бөлшектер мен аспаптар
161.	9030 10 000 0	медицинада қолданылатын ионды сәулені табу немесе өлшеу үшін аспаптар мен аппаратуралар
162.	9031	медицинада немесе фармацевтикалық өнімді шығару кезінде қолданылатын өлшеу немесе бақылау құралдары
163.	9032 10	медицинада қолданылатын термостаттар
164.	9033 000 00 0	медициналық мақсатта және (немесе) фармацевтика, медицина өнеркәсібінде пайдаланылатын 90-топтағы машиналарға, аспаптарға, құралдарға немесе аппаратураға бөлшектер және керек-жарақтар (осы топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген)
91-топ. Барлық түрдегі сағаттар және олардың бөліктері		
165.	9106 90 000 0	медицинада қолданылатын технологиялық үдерістер таймерлері, өзіне тағуға немесе өзімен бірге алып жүруге

		арналмаған секунд өлшегіштер, соған ұқсас құралдар
94-топ. Жиһаз; төсек орын жабдықтары, матрацтар, матрацтың негіздері, диван жастықтары және жиһаздардың осыған ұқсас ішіне салынатын керек-жарақтары; басқа жерде аталмаған шамдар және жарықтандырғыш жабдықтар; жарық көрсеткіштер; таблолар және осыған ұқсас бұйымдар; жинақталатын құрылыс конструкциялары		
